

## Абдолла Асылбеков атындағы ЖББ мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы кәсіптік бағдар беру бойынша жүргізілген іс-шаралар есебі

Мектебімізде кәсіби бағдар беру жұмысының міндеттері:

- № 54 -окушыларға кәсіптік өзін-өзі айқындауды шешуде көмек көрсету;
- 20 № 25 ж. « 03 » № 06 -шарлардың құндылықтық бағдарларын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін, өмірлік жоспарлары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіпперді дербес және саналы таңдауын қалыптастыруға ықпал ету.

2024-2025 оқу жылында кәсіби бағдар беру жоспарына сәйкес барлық іс шаралар толығымен жүргізілді. Педагог-психологтың қатысуымен ұжымдық және жеке, мамандық таңдау мәселелері бойынша оқушылардың кеңестері тұрақты түрде жүргізіліп тұрды. Кәсіппен танысу және еңбекті үйымдастыру мақсатында ауылымыздың амбулаториясына

<https://www.facebook.com/KirovskayaSCHOOL/videos/1352727982714694/?app=fbl>

, Ф/К «Ержуманов» кәсіпорындарына экскурсиялар үйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/reel/982411734016528/?app=fbl>

Сәуір айында "Жұмысшы мамандар жылы" аясында " Жұмысшы кәсіптер жылы-Болашағыңды таңда" атты тақырыпта аудандық форум өтті. Форумга кәсіптік бағдар беруші педагогтар және 9-10 сынып оқушылары қатысты. Қарағанды облысының қалалары мен аудандарының бірнеше оқу орындарынан спикерлер келіп, болашақ талапкерлерді маман таңдаудаға шақырды.

<https://www.facebook.com/100022578031058/posts/pfbid0J7kGpQs47gcD6XfUXLswhVdtdaUASdCYcfjqbFHFL6DeCQXkS65VjcW3rEap1E9jl/?app=fbl>

Сонымен қатар, мектебіміздің дәлізінде ЖОО-на, колледждерге түсуге мүмкіндік беретін брошурулар көрмесі үйымдастырылды. Оқушылар қызығушылық танытып, қосымша ақпараттар алды.



Іс-шаралар қатаң түрде жоспар бойынша және кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жоспарлау бойынша өткізілді.

Сынып жетекшілері тәрбиеленушілерге кәсіптік таңдау бойынша жеке кеңес берді. Кәсіби мұдделер анықталды, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді. Тренинг түрінде топтық кәсіптік бағдар беру сабактары, оқушылармен сынып сағаттары өткізілді. Сабактарда сауалнама жүргізілді, сыныптарда мамандық ерекшелігі талқыланды, әр оқушының қызығушылығы мен кәсіби таңдауы анықталды. Оқушылармен жұмыс кезінде жас


ерекшеліктері, жеке тұлғаның жеке даму ерекшеліктері, мамандық таңдауда қызығушылықтары мен бейімділігі ескерілді. Сондықтан алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін кәсіптік бағдар бойынша әр түрлі жұмыс түрлері қолданылды. Мектепте кәсіптік бағдар бойынша бұрыштар үнемі жаңартылады. Оқушылар үшін ақпараттық стендті жана және пайдалы ақпаратпен үнемі толықтырады ("мамандықтар әлемінде"," мамандық таңдаулары"," бітірушіге көмек","оқуға қайда баруға болады").

8-10 сынып оқушылары үшін болашақ мамандықты таңдау, кәсіби таңдау мәселелері бойынша психологиялық диагностика жүргізілді. 9 және 11 сынып оқушыларының кәсіптік бағдар беру мәселесі бойынша жеке кеңес беру. Оқушылардың басым бөлігі өздерінің қабілеттері, әр түрлі мамандықтар туралы ақпарат және одан әрі кәсіби өсудің болашағы туралы білімдерге қызығушылық танытты, бұл олардың сауалнамадағы жауптарын көрсетеді.

5-11 сынып жетекшілері тақырыптық сынып сағаттарын, "Кәсіптер әлемі", "Мамандық және мамандық туралы түсінік", "Мамандықтардың көп қырлы әлемі", "Менің қызығушылығым", "Мамандықты таңдауда өзін-өзі бағалау және нақты мүмкіндіктер"әңгімелерін өткізді. Балаларды қөптеген мамандықтар қызықтырды, олардың біреуі кәсіптер әлемі туралы көп жаңа білінді. Сабак өткізілгеннен кейін оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігіне диагностика жүргізілді.


11 сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес HR+ жүйесі арқылы желтоқсан айына дейін ғана жүргізіліп Е.А.Климоўтың дифференциалды-диагностикалық сауалнама әдістемесі алынды. Нәтижесінде: Оспанов Данат 87 % «Адам-адам», Сахметова Айымай 88 % «Адам-табиғат» көрсетті.

7-11 сынып оқушыларына «Тренд мамандықтар» атты презентация көрсетілді. Презентацияда болашақ 5-10 жылда сұранысқа ие болатын мамандықтар жайлы ақпарат беріліп, сілтемелер көрсетілді. Оқушылар «Қазақстанның мамандықтар атласы» <https://atlas.bts-education.kz/> сайтымен толық танысты.



11 сынып оқушыларымен ҰБТ жайында әңгіме жүргізіп, «ҰБТ-ға дайындалу үшін пайдалы 5 кеңес» атты жадынамалар таратылды.

7 қазақ сынып оқушыларымен «Мен болашақта кім боламын?» тақырыбында әңгіме жүргізілді. Оқушылар әңгіме барысында мамандықтар



Ата-аналармен жұмыс: "Балалардың кәсіби өзін – өзі анықтаудағы отбасының рөлі" атты ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша психологиялық құзыреттілікті арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, оқушылардың оку бейінін таңдауына деген қарым-қатынасын анықтау мақсатында ата-аналарға саулнама жүргізді. Педагог-психолог ата-аналар жиналысында тоғызынышы сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмысын қорытындылады. Сонымен қатар, ата-аналар өз мамандықтары туралы айтып, сынып сағаттарына тартылады.

Откізілген жұмыстың нәтижесі бойынша оқушыларға педагог-психологтардың, сынып жетекшілерінің, жұмыс берушілердің, кәсіптік оку орындарының өкілдерінің кәсіптік таңдау бойынша ұсыныстары берілді, оларды әрбір тәрбиеленуші ата-аналарымен талқылай алды.

2024-2025 оку жылының соңында 9 сыныпты аяқтаған оқушылар саны - 12. Оның ішінде: 11 оқушы 10 сыныпты жалғастыруды жоспарлауда және 1 оқушы - Астанада қаласындағы әскери колледжге түсуді жоспарлауда.

11 сынып түлектері - 2. Оның ішінде - 1 оқушы Астана қаласындағы медициналық колледжге, 1 оқушы Аграрлық университетке түсуді жоспарлауда.

Келесі оқу жылына жоспарланған жұмыстар:

- кәсіптік бағдар беру бойынша аудан, облыс төңірегінде шыгуга іс-шаралар санын көбейту;
- университеттермен және колледждермен өзара тығыз байланыс орнату;
- оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке жұмысты күшету,
- кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты жобаларға қатысу арқылы мектептің өзін-өзі басқаруын дамыту.

Мектеп директоры

Е.Е. Абаев



Орындаған: Мусабаева Алия Жаксылыковна  
Педагог - модератор